

## С.Сейфуллиннің қанатты сөздері.

1

Қазақ елі жалқау ел. Заманнан кейін қалған ел. Бірақ сен жалқау...

2

Адамның жайын ауылдасы білмейді, істесі біледі.

3. Әр істің бір сәні бар. Әр қимылдың өзінше, ырғағы бар, әні бар.

4

Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңбайды...

5

Адам - керуен, өмір - жол.

## Жұмыс тәртібі:

Күн сайын 9:00 - 18:00 дейін ашық демалыс күндері - сенбі, жексенбі және жалпы мерекелік күндері, әр айдың соңғы күндері тазалық күні.

Мекен жайымыз:  
Ұлытау облысы,  
Талдыбұлақ ауылы,  
Бейбітшілік, 45

Біздің электронды почтамыз:

[@eskenekitap@mail.ru](mailto:@eskenekitap@mail.ru)



[taldybulakayldyk](#)




[taldybulakayldyk](#)



[8 710 30 5 -20-22](tel:87103052022)

Дайындаған: Слямбек.А.М

## “С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі” КММ




Талдыбұлақ ауылы



### С.Сейфуллин өмір баяны

Сәкен Сейфуллин 1894 жылдың 15 қазанында Қарағанды облысы Ақадыр (қазіргі Шет ауданы) ауданы Қарашілік қыстағында орташа ауқатты кісінің отбасында дүниеге келеді. Әкесі Сейфолла серілігі бар домбырашы, саятшы, сөзге шешен кісі екен де, шешесі Жамал әңгіме, аңыз-ертекті көп білетін әрі нәшіне келтіріп айтатын салиқалы ана болыпты. Сәкен әке мінезін, өнерін бойға жұқтырып, ана әңгімелерін жалықпай тындап, зердесіне түйіп өседі. Сәкен үйінің тұңғышы болады. Табиғатынан дарынды, сұлу бейнесі ішкі жан дүниесіне сай болып өскен өнегелі ұлдарын Сейфолла мен Жамал азан айтып қойған Сәдуақас деген есімінің орнына еркелетіп Сәкен деп атап кеткен. Сәкен анасын жақсы көрген. Шынында да, баласының азамат, ерекше тұлға, ақын болып қалыптасуына шеше тәрбиесінің ықпалы зор болған. Інісі Мәжиттің сөзіне қарағанда, кейін Сәкеннің өзі: «Мені адам еткен де, ақын еткен де анам ғой», — деп мақтанып жүреді екен. Сәкеннің әкесі Сейфолла саятшы, сал-сері, әнші-күйші болған. Ал анасы оған ел аузындағы батырлар жырын, даналық сөздерді, қызықты әңгіме мен ертегілерді үнемі айтып, құлағына құйып отырған. Сәкен бала кезінде бір айтқанды қағып алатын, тез түсініп, ұғып алғыш, зейін тоқтатқыш тиянақты болып көзге түскен.



### Сәкеннің сырлы кітаптары



### Туған жерім - өз елім

ҚАЙҒЫ ОЙЛАТТЫҢ ЕСТЕН КЕТПЕЙ  
 ТУҒАН ЖЕР,  
 ҚАНЫ ҚАШТЫ, ӘМ САРҒАЙДЫ ЕТ ПЕН  
 ТЕР.  
 СЕНІ ОЙЛАСАМ ШІМ КҮЙЕР ҚАПА БОП,  
 ЖҮРЕГІМДЕ ТҮЙІНШЕКТЕЙ ҚАЙҒЫ ШЕР.  
 ҰЙЫҚТАСАМ ДА ЕШ ШЫҚПАЙСЫҢ  
 ТҮСІМНЕН,  
 ТҮРСАМ-ДАҒЫ СЕН КЕТПЕЙСІҢ  
 ЕСІМНЕН.  
 КӨЗДЕН ТАСА ҚЫЛСАМ ДЕГЕН ЖОҚ  
 ЕДІМ,  
 ШЫҒА АЛМАДЫМ АЗАЛДАҒЫ КЕСІМНЕН.  
 ЖҮРЕККЕ ЫСТЫҚ, КӨЗГЕ СУЙІК ӨЗ ЕЛІМ,  
 ТЕК ҚҰРБЫММЕН ҚАҒЫСЫП, ОЙНАП  
 ЖҮРГЕНІМ.  
 ЖАП-ЖАЛАҢАШ ЖАЙДАҚ АТПЕН  
 ЖҮЗДІРІП,  
 БӘСЕКЕ ҚЫП, ЖҰМЫРТҚА АЛҒАН НҮ  
 КӨЛІМ.  
 ӨТКЕЛДЕРГЕ АУЫЛ ҚОНҒАН МЕЗГІЛДЕР,  
 БӘЙШЕШЕКТЕР ҚҰЛПЫРЫНҒАН  
 МЕЗГІЛДЕР.  
 МАЙЫСЫП БІР КӨК ТАЛДАРДЫҢ  
 БАСЫНДА,  
 ҚҰСТАР САЙРАП, КӨҢІЛ БҮРҒАН  
 МЕЗГІЛДЕР.  
 СЕНІ ОЙЛАП КҮНІ-ТҮНІ ТУҒАН ЖЕР,  
 ҚАНЫ ҚАШТЫ ҺӘМ САРҒАЙДЫ ЕТ ПЕН  
 ТЕР.  
 БИЕ БАЙЛАП, ҚЫМЫЗ ШІП ҚЫЗҒАН СОҢ  
 АЗАМАТТАР МӘЖІЛІС ҚҰРҒАН  
 МЕЗГІЛДЕР.  
 ӨЗЕН ӨРЛЕП, СУҒА ҚАРМАҚ САЛҒАНЫМ.  
 ҚҰРБЫЛАРМЕН ТАЛАСЫП БАЛЫҚ  
 АЛҒАНЫМ.